

Халқы үшін қажымай күрескен, қиянат пен зорлыққа көнбей, заманындағы күштілермен де, тістілермен де айқасқа түскен, ақырында қанып-пер жеңдеттердің қолынан 1938 жылы мерт болған асыл азамат, көрнекті қайраткер Сұлтанбек Қожанұлының туысы бөлек тұлғасын бүгінгі қауым өлі толықтаны қойған жоқ. Бұлай болуының өзіндік себептері де бар. Сұлтанбек Қожанұлы 1957 жылы толық ақталғанына қарамастан Қазақстан баспасөзі ол туралы соңғы кезде ғана сөз ете бастады. Бұған алдымен Компартия мен советтік құрылыс тарихын зерттеушілердің жер қозғалса қозғаламайтын енжарлығы, ұлттық мұрат дегенге мүлде мән бермейтіндігі кінәлі. Көзінде Қазақстанға жаламауыдай тиген, қазақ халқын жартылай қырып барып, Мәскеуге «аман-есен» қайтқан Голещекін сынды жауыздардың қырығынан Сұлтанбек секілді халықтың өжет, ең тегеурінді ұлдарының көбі туған елінен сыртқа жүруіне мәжбүр болды. С. Қожанұлы жиырма-сыншы жылдардың орта тұсынан 1938 жылға дейін Ташкентте қызмет етті, өз елінің тағдырына тікелей қатысты істерден әдейі шеттетілді. Голещекін Сұлтанбек Қожанұлы, Смағұл Сәдуақасұлы тәрізді ел перзенттерін Қазақстанға жолатпай қойғанымен тынбай, олардың сыртынан ғайбат таратып «қожановшылық», «сәдуақасовшылық» деген жалған айыптауларды тапқы, өзінің осындай ауымдық ойларын айнала-сындағы жағымпаздармен шала сауат белсеңділер аузымен таратты. Оның үстіне кейінгі кейбір ғалымдарымыз бен жазушыларымыз өздерінің естелік, зерттеу мақалаларында мұндай азаматтар туралы қателіктерге бой алдырды. Тіпті Сұлтанбек Қожанұлының туғанына 100 жыл толуын атап өту туралы үкімет қауымы жұртшылықтың талап, тілек етуі арқасында ғана үстіміздегі жылдың көктемінде шыққаны да түсініксіз бауалық.

Бірақ, Сұлтанбек Қожанұлы туралы шындық мүлде жабуы күйінде қалуы мүмкін емес екен. Соңғы жылдарда Сұлтанбектің публицистік, журналистік еңбегі, зор ағартушылық, күрескерлік қыметі хақында профессор Темірбек Қожакеевтің, жазушы Бейбіт Қошымбаевтың жариялаған мақалалары бұл мәселеге жұртшылық пікірін тудыруда

мүддесіне шын берілген, і мен сөзінің арасында жарықшақ жоқ, тұтас тұлға екенін аңғарады. Кеңес өкіметінің алашқы жылдарында әрбір ұлтқа азаттық, теңдік берілгені, бұрын енген елдердің рухын көтергені мәлім. Өкінішке орай мұндай сөздердің шын жүрегімен айтқандар да, көз бояу үшін тілдің ұшымен ғана әділет жақтаушысы болып көрініп, іс жүзінде Ресейдің ежелгі империалистік-басқыншылық саясатын жаңа жағдайда жалғастыра бергісі келгендер де болды. Түркістан республикасының халықтарына нағыз теңдіктің ауымы алыс жатқанын көріп, мұндай қиянатты ашық, батыл көрсеткендердің басында Тұрар Рысқұловтар жүзе,



## ТУЫСЫ БӨЛЕК ТҮЛҒА

Көрнекті мемлекет қайраткері, ел ардақтысы  
**Сұлтанбек ҚОЖАНОВТЫҢ** туғанына 100 жыл толды.

ігі бастама болды. Алаштың жылы көрнекті мемлекет қайраткерінің өмірі мен шығармашылық мұрасы жайында екі кітап жарыққа шықты. Олар жазушы Жолтай Әлмашұлының повесі мен Амантай Шәріповтің «Сұлтанбек Қожанұлы — әдебиетші» деген зерттеуі. Бұл баспалар Сұлтанбек Қожанұлының жарқын тұлғасын көпшілік қауымға таныстыруда аса пайдалы екенін атап өтуіміз керек. Ж. Әлмашұлының повесі жарыққа жағнап алғанда «тұмарша адамдар өмірі» типтегі шығарма. Тілі жатық, оқиғалары қызық, баяндауы ұтымды, мағлұматтарын мол бұл туындының қалың оқушыға жолататындығы күмәнсіз. Жас зерттеуші А. Шәріповтің кітабы да С. Қожанұлының журналистік, публицистік, ақындық, аудармашылық қырларын тунғыш рет кеңінен талдаған, нақтылы мәнші үлкен еңбек. Бұл аталған екі баспалық Сұлтанбекқауға қосылған елеулі үлес, адал, ижадатты ізденісінен туған дүние.

Халқына сіңірген қалтқысыз еңбегі 50 жыл үністен кейін қанша танытырыла бастаған еліміздің шығармалары жеке кітап болып басылмай қажеттілігі үкіметіміздің қауымында көрсетілген. Бұл кезге дейін жарыққа шыққан еңбектерден оның өршіл, от мінбезді алған бетінен қайтпайтын шығармалары бөлек елес береді.

Сұлтанбектің әрбір сөзінен, іс-әрекетінен, шын қайраткер азаматқа тән белгілер байқалады. Біз бұл арда азаматтық және қайраткерлік деген сөздерді әдейі қатар қолданып отырмыз.

Аласпауран, алмағайып, ауамалы-тоқпелі заманда өмір көшкен С. Қожанұлы ел тыныштығы мен бақыты үшін атқан түсіней, ұдайы жорық жолдарында жүрген халқаралар секілді екенді. Оның жиырма-сыншы жылдардың бірінші жартысында қысқа уақыт ішінде оғ жамындай атқарған істерінің көп қулаштылығы қайран қалдырады. Бұл кезде ол Сырдария облыстық революциялық комитетінің төрағасы, Түркістан республикасының жер, ішкі істер, оқу-ағарту халық комиссары, Түркістан Республикасы Орталық Атқару комитетінің төрағасының орынбасары, «Бірлік туы», «Ақжол» газеттерінің редакторы, Қазақстан өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы қыметін атқарды. Төңкеріс жылдарының біререкшелігі нағыз дарынды адамдарды қоғамдық өмірдің аяғы әлгінге тез шығара алатындығында ғой. Уақыттың алаға тартқан ең зору үнішілардың жүзеге асыруға Сұлтанбек жән-тәнімен ұмытпаған, оны тұста өзінің орасан үйымдастырушылық қабілетімен, шешімділігімен, мақсаттылығымен ел құрметіне бөлеген. Ол халықты аштық анытанын сақтап қалу ісіне, оқу-ағартудың күн тәртібінде тұрған білім мәселелеріне ежелден енген, сыбағадан құр қалған дикалдар мен маанылар нұқтағын шешуге араласады. Сұлтанбектің публицистикалық мақалаларын, өлеңдерін, аудармаларын оқыған адам оның халық

### ӨМІРБАЯН БЕТТЕРІНЕН

Соналы күннің халқының жолып құрбан еткен Сұлтанбек Қожанұлы туралы соңғы кезде баспасөзде, оның ішінде

«Егемен Қазақстан» газетінде, көптеген мақалалар жарық көрді. Ұлты ардақ тұлға есел азаматтың өмірбаян жолдарына үйле қараған сайын жалғызға оның жарқын бейнесі қайта араланды өсер қалдырды.

Сұлтанбек Қожанұлы Оңтүстік Қазақстан облысының Семей ауданындағы Ақсуембе деген жерде 1894 жылы дүниеге келген. Түркістандағы үш кілтетк мектепте, Ташкенттегі мұғалімдер семинариясында білім алған. Сонда оқып жүріп 1915—1916 жылдары «Кеңес» бейресім қоғамын ұйымдастыруға қатысады. Оған кейінгі жылдары Ташкенттегі мұғалімдер институтына да оқиды.

1918 жылы Түркістан уезінде кедейлер комитетін басқарады, 1920 жылы партия қатарына өтеді, Түркістан республикасы жер шаруашылығы халық комиссары болып тағайындалады.

1921 жылы С. Қожанұлы Бүкілресейлік съезге делегат ретінде қатысады, БОАК-нің мүшесі болып сайланады. 1920—1924 жылдары Түркістан компартиясы орталық комитетінің мүшесі, Түркістан Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары болған кезінде еліміз ағарту, мәдениеттер өмірі, құрылым қалдарын қарулау ісіне белсенді араласады. Ұлттық мәселелерді батыл көтерді.

Қазақ еліне ішкі партия комитетінің екінші хатшысы болған С. Қожанұлы 1925 жылы қазақ аймағына Қазақстанға бірінші хатшылыққа келген Голещекін кутынға салады.

1927 жылғы БКП (б) Орта Азия бюросына бөлім басшысының орынбасары қыметіне жіберілген С. Қожанұлы 1932 жылы Мәскеуге шақырылады. КСРО-ның Орта Азиядағы жер шаруашылығы халық комиссариатының өкілі және басқа да міндеттер жүктелді.

1937 жылғы халық жауы ретінде қамуға алғышы, 1938 жылғы 8 аяпанды атылды. Әбелі Күнінде 12 жыл өмірін түрмелер мен лагерлерде өткізеді.

КСРО Жоғарғы әскери сотының шешімімен 1957 жылғы 5 шілдеде жаңымен құрбан болған С. Қожанұлының туыс ақталы.

онымен сапыға болған табында азаматтардың бірі де, біретейі де Сұлтанбек Қожанұлы еді. Ол Түркістан халықтарына бостандық берілді деген сөздің жамаған өкешін өшкөредей келіп: «Какую бы советскую вывеску не прикалывай, все равно колония доныне на деле остается в колонийе», деп нікірін анық білдірген. Мұндай сөздерді айту үшін жүректілік, ұлт мұратына шын берілген азаматтық керек еді. Шырқыраған шындықты айтқаны үшін Сталиннің де, оның қолшоқпары Голещекіннің де Сұлтанбекке іші жібімегені, оны халық тағдырын шешетін ұрымтал орындардан шоттетіп, соңына шам алып түскені белгілі.

Қазақтың және көптеген шығыс халықтарының ұлы мейрамы — Наурыздың мән-маңызы туралы С. Қожанұлының 1925 жылғы «Наурыз мұсылмандастықтан бұрын шыққан мейрам» деп жазған сөздері дәл бүгін айтылағандай. Бұдан 70 жыл бұрын Сұлтанбек толаған пікір оғы Бәдіп арыстандай айбатты азаматтарынан көз жазып қалғанының неше алуан халықтық дәстүрлердің жойылып кетуіне, ұлттық дамуымыз-

дың кері кетуіне тікелей себептер болғанын осы мысалдан да көреміз.

Жиырма-сыншы жылдардың бас кезінде баспасөз бетінде ескі мидені мұраны қалай бағалаймыз, оның қайысыны қабылдап, несіні мәсұқтаймыз деген сұрақ төңірегінде қызу пікір-талас бар болып отырған. Кейбір өсіре «таншыларда» немесе заманының ауанына көшіп атақ мансап табына келгендер көне мұраны мүлде сызып тастау керек деген сорақы пікірлерге дейін барды. Тіпті сол кездегі көрнекті ақын, жазушыларымыздың кейбіреулері Абай Құнанбаев пен Ахмет Байтұрсынұовтарды көзге ілмей, «төңкеріске дейін жасап келген әдебиет дәуірінде озынауын байға алатын кісіні жоқ. Көптің күшімен йтау алып отырғандарды әдебиет атасы деп санауға болмайды», деп атамшылық көрсеткенде Сұлтанбек Қожанұлы үлкен ойларға құрылған төбіреністі мақала жазып, өзгіндей жаңсақ пікірлерге тойтарыс береді: «Қазақта жазба әдебиеттің атасы Абай болмаса, Ахмет болмаса, кім болады?» деп ағынан жарылады. Бұл тұжырымдардың 1924 жылғы жазылғанын еске алсақ, абайтануға байланысты таластың ұрымтал тұсында Сұлтанбек Қожанұлының шындыққа болмысын, мұра төңірегінде дұрыс қорытындының қалыптасуына сепімді үн қосқанын мойындаймыз. Халықтың рухани тағдырына қатысты мәселелердің қай-қайсысы туралы да ақын пікір айтуы оның азаматтығын, қайраткерлігін сипаттайды.

С. Қожанұлының көзі жоқпен ақиқаттарды кінп-жарып айта алатындығы «жамыпқа сыймайтын» әрекеттерге ырағаты елге ақыл болып тараған. Оның азаматтық биік болмысын сипаттайтын істің бірі 1923 жылы Мағжан Жұмабаевтың шығармалар жинағына алғы сөз жазып жарыққа шығаруы. Өзі коммунистік партия жетекшілерінің бірі бола отырып кеңес саясатын мойындамаған ақынның кітабын жариялауы Сұлтанбектің өрлігі деп қараймыз. Осы мысалдың өзнен-ақ көрнекті қайраткердің шыншыл тұлғасы, ақиқат жолында өшнәрседен тайсалмайтын ерен бітімі жарқ енін көріндейді. Мағжан кітабын шығарған үшін Сұлтанбек талқыға түсіп, шибөредей аңталаған белсенділердің қысымына дұшар болғаны белгілі.

Үстірт қарағанда тапқарлық болып көрінетін бір нәрсе — Сұлтанбек Қожанұлының бөлішевік партиясының ағымдағы саясатын жүзеге асыру мен ұлттық идеяларды ұншастырып отырғандығы. Сол кездегі аты белгілі дүние мемлекет, қоғам қайраткерлерінің, ақын, жазушылардың көбі қақ болып, бір жағы «ғазан» кедейшіл, екінші жағы ескішіл болып жүргенде Сұлтанбектер өрі жаңашыл, өрі ұлтжанды бола білген. Бұған оның халық арасынан қайнап шыққандығы мен ел жағдайын терең білгендігі себепкер өкеші анық.

Сонымен бірге Сұлтанбек Қожанұлы өзінен бұрын әлеуметтік арнаға шығып, халыққа жол көрсеткен ұлт көсемдерінің негізгі бағдарламысын жаңымен түсініп, іштен қабілдауы ұлтқа қызмет ету мұратына берік болуы белгілеген. Бұларда аса қызығымқты бір фактіні белгірудің реті бар. 1912 жылы атақты ағартушы ақын, қазақ елі рухани жетекшілерінің бірі — Міржақып Дулатов бір жылдай Түркістанда болып, Бала оқытқаны «Қазақ» газетін шығаруға қажет қаражат жинағаны белгілі. Дәл осы кезде орыс-қазақ мектебінде оқып жүрген Сұлтанбектің Міржақыпқа жолығып, онан аса құнды пікір естіп, өміріне анық боларлық нәр, бағдар тапқаны атап көрететін нәрсе. Бұл мысалдан ұлттық-ағартушылық шеялардың Сұлтанбекке ырайым таусымас қуат беріп қандығы аңғарылады. С. Қожанұлының төтірісіне, Ташкент қаласына қазақтың ақша-ой, көркемөз алыментарының шоғырлануы, сол кезде қанша қымбат шығармалардың жарық көруі қазақ мәдениетінің тарихындағы сәтті кезеңнің бірі деп қарауға болады. С. Қожанұлының Мағжанмен қана емес, А. Байтұрсынұовпен, С. Аспандияровпен, М. Әуеловпен тағы басқа да атақты адамдармен арасындағы қарым-қатынастың өзі жеке зерттеуге лайық тақырып. Ал 1913 жылы Мұстафа Шоқиевтің Ташкенттегі «Кеңес» үйірмесін ашқан кезде Сұлтанбек Қожанұлымен пікірлесіп, әріптес болғаны бірлесіп қолжазба журналы шығарған фактілері де осы қызығымқты.

Араға жарты ғасыр салып барып, халқына жаңадан оралып отырған Сұлтанбек Қожанұлы көрнекілер мен білгендер бұл күнде сирек. Өмі де болса сондай кісілердің өлте алғын толық жазып алып қалу кезек күттірмейтін іс. Марқұты жазушы Сәйді Тапжанаев Сұлтанбектің өмірін аузынан тастамайтын, «халыққа қамқор, батыл, Іскер мұндай жан сирек» деп небір қызық өңгімелерді айтатын еді. Бірақ естелік белгілі мемлекет қайраткері Нұртас Овдасиповтен, Зейнеткер Дүйсенқұл Сәріқұловтан, академик Шафиз Шокнинен жазушы Ғалым Ахмедовтен, профессор Әуелбек Қолпаровтен жаны алығанының өзі үйренсе олжа. Естелік елестендіретін қатары сарқылмай болды деу бекер. Өмі де болса, Қазақстан мен Өзбекстанда Сұлтанбек Қожанұлының өмірі мен еңбегі жөнінде қымбат деректер айтатындар баршылық. Ал ресми партиялық құжаттарда ол туралы ондайған жылдар бойында бірінші рет ғара бому жағымалы сөздердің расы мен өтірігін салыстырып, ғылыми өділ, объективті қорығандыға келу зерттеушілер үзітасы. Негізгі мақсат — Сұлтанбек Қожанұлының шын адамдық, азаматтық, қайраткерлік, қаламгерлік бейнесін толық ашу, оның қабілетін бүгінгі және болашақ ұрпаққа ақиқатан ауытқрмай таныстыру болмақ. Мұндай ізденістер топтамасы «Сұлтанбек тағалымы» сынды күрдөлі кітапқа ұласса құба-құп.

Қазақ жерінің қара маңырағандай қарт Қаратауда туып, өзінің дарыны мен қажыры арқасында дағдылапанын санған ұшқанқысқа өмірінде миңділік ұмытпастай іні қалдырған, ұлтжанды азаматтардың қыпы түскен тоталитарлық жүйенің құрбандығы болған, бір қазақ халқының ғана емес, күллі орта азия халықтарының мақтанышына айналған асқақ тұлғалардың бірі Сұлтанбек Қожанұлының аңсаған мұраты — тәуелсіздік туымыз жекебіреу тұрса, осы күнге жеткен деп арманда кеткен шейттердің рухы риза болмақ.

Рахманқұл БЕРДІБАЙ,  
 Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор.  
 (ҚазТАГ).